

Шортанды кентінің құрамдас бөлектерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Шортанды кенті әкімінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 33 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 сәуірде № 5876 болып тірелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, кент халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Шортанды кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шортанды ауданы Шортанды кентінің келесі құрамдас бөлектерін қайта атаусын:
 - Мира көшесі - Бейбітшілік көшесіне;
 - Восточная көшесі - Ардагер көшесіне;
 - Новый тұйық көшесі - Азаттық тұйық көшесіне;
 - Спортивный тұйық көшесі - Көкпар тұйық көшесіне;
 - Больничный тұйық көшесі - Құлагер тұйық көшесіне;
 - Безымянный тұйық көшесі - Ынтымақ тұйық көшесіне;
 - Майский тұйық көшесі - Мамыр тұйық көшесіне;
 - Школьный тұйық көшесі - Достық тұйық көшесіне;
 - Железнодорожный тұйық көшесі - Темірқазық тұйық көшесіне;
 - Октябрьский тұйық көшесі - Қазанат тұйық көшесіне;
 - Станционный тұйық көшесі - Жетіген тұйық көшесіне;
 - Садовый тұйық көшесі - Береке тұйық көшесіне;
 - Целинный тұйық көшесі - Атақоныс тұйық көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК